

Бөлім атауы: «ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»
І-ШІ КУРС

«МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ»

Құндылығы: дұрыс әрекет;

Қасиеттері: байыптылық, табандылық, қарапайымдылық;

Сабақтың мақсаты: мінез-құлықтың маңыздылығын дұрыс әрекет құндылығымен байланыстыра отырып ұғындыру.

Сабақтың міндеттері:


- жақсы мінез-құлықтың бақытты өмір негізі екендігін түсіндіру;
- жақсы мінез-құлық дағдыларын дамыту;
- байыптылыққа, табандылыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелеу.

САБАҒЫМЫЗДЫҢ ДӘЙЕКСӨЗІ

*Адамда жақсы қасиет
болмаса,
Оған бақ та, бақыт та
қонбайды.*

Жүсіп Баласағұн

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Жүсіп Баласағұн

ОҚЫТУШЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Ғибратты әңгіме:

«Мінезің қара жерден ауыр болсын»

мұқият тыңдаймыз

Қорытынды



Ата-бабамыз: «Жақсы мінез – жан сұлулығы», – деп бекер айтпаған. Қарапайымдылық, адамгершілік, адалдық, өзгелерге жақсылық жасау, әр кез сабырлы болу сияқты ізгі қасиеттерді бір сөзбен: «көркем мінез», – дейміз. Көркем мінез бақытқа бастайды.

Жақсы мен жаманды ажырата біліп, сабырлық сақтау оңай емес. Мысалы, жомарттық кейде дарақылыққа, ысырапшылдыққа ұрындыруы мүмкін, тым үнемшіл адам сараңдыққа бой алдыруы да ықтимал. Ержүректік, батырлық арнасынан асып, бірбеткейлікке, қатыгездікке ұласуы ғажап емес. Сондықтан олардың ара-жігін ашып, ажырата білу қажет.

Көркем мінез жан дүниенің тазалығына байланысты болады. Рухани әлемімізді, жан дүниемізді таза ұстап, ойымызды да, сөзімізді де, ісімізді де ізгілік жолына бағыттасақ, ол дағдыға айналып, көркем мінез қалыптасады.

ОҚЫТУШЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Әдептілік

Ы. Алтынсарин

Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жатып, оқымыстыға келіп, басын иіп сәлем береді. Оқымысты басын одан да төменірек иіп сәлемдеседі.

Қасындағы бай:

- Тақсыр, осынша біліміңіз бар ғалымсыз. Сөйте тұрып, жарлы адамға соншалық иіліп сәлемдесуіңіздің мәні қалай? – деп сұрайды.

Сонда ғалым тұрып:

- Ешбір ғылым-білім үйренбеген ол кісі әдептілік көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып көрінсем, лайық па? – деген екен.

Сұрақ:

«Қарапайымдылық – моральдық сұлулықтың басты шарты», - дегендей, қандай биіктерге жетсеңіздер де қарапайым болып, туыс-бауырмен амандасып, жөн-сұрасып жүрген адамның жан сұлулығын, көркем мінез иесі екендігін көрсететін тамаша қасиет деп білесіздер ме?

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ



Бір жолы базарда екі адам қатар тұрып бірі лимон, екіншісі алма сатыпты. Лимон сатушының саудасы жақсы жүріп, алма сатушыға ешкім беттей қоймапты. «Тәтті алма тұрғанда қышқыл лимонға жүгіргендері несі? Алмамды неге алмайды?» – деп ойға қалған саудагер мұның мәнісін білмек боп данышпанға барады...

Дұрыс әрекет құндылығын негізге ала отырып, жалғасың өздеріңіз жазып, ұнаған саудагердің суретін салыңыздар